**"2011 жылы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасының арасында қолдану туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 517 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасының арасында қолдану туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Ахметов*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасының арасында қолдану туралы хаттамаға қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасының арасында қолдану туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Серік Нығметұлы Ахметовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, ол Қазақстан Республикасының атынан 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасының арасында қолдану туралы хаттамаға қол қойсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің

2013 жылғы
№ Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

**2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартты оның Тараптары мен Өзбекстан Республикасы арасында қолдану туралы**
**ХАТТАМА**

Бұдан әрі «Шарттың Тараптары» деп аталатын 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың Тараптары бір жағынан және Өзбекстан Республикасы екінші жағынан

бұдан әрі «Шарт» деп аталатын 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың мақсаттарын, қағидаттарын және терминдерін басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

## 1-бап

Осы Хаттаманың 7-бабында көзделген тәртіппен осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап Шарттың барлық ережелері Шарт Тараптары мен Өзбекстан Республикасы арасындағы қатынастарда осы Хаттамада көзделген талаптарды ескере отырып қолданылады.

## 2-бап

1. Шарттың Тараптары мен Өзбекстан Республикасы арасында Шарттың 2 және 3-баптарының ережелерін қолдану мақсаттары үшін:

(а) Шарттың 2-бабының ережелері Шарттың 1-қосымшасына сілтеме жасаған жағдайда, осы Хаттаманың Тараптары осы Хаттаманың 1-қосымшасын түсінеді;

(б) Шарттың 3-бабы 2-тармағының ережелері Шарттың 2-қосымшасына сілтеме жасаған жағдайда, осы Хаттаманың Тараптары осы Хаттаманың 2-қосымшасын түсінеді.

2. Өзбекстан Республикасының ДСҰ-ға қосылған күніне дейін немесе 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін осы күндердің қайсысының бұрын басталатындығына байланысты:

(а) Шарттың Тарапы мен Өзбекстан Республикасы Шарттың 2-бабының 8-тармағы мен 17-бабын қолдануға қатысты мұндай Шарттың Тарапы мен Өзбекстан Республикасы арасында туындайтын дауларды реттеу үшін Шарттың 19-бабының ережелерін пайдаланбайтын болады;

(б) Шартты Өзбекстан Республикасы мен Шарттың Тараптары арасындағы саудаға қолдану мақсаттары үшін Шарттың 5-бабындағы ГАТТ 1994 III бабына сілтеме, мұндай шарттар болған жағдайда Өзбекстан Республикасының Шарт Тараптарымен екіжақты халықаралық шарттарының ұқсас ережелеріне сілтеме ретінде түсініледі;

(в) Өзбекстан Республикасы Шарттың 10-бабының ережелерімен байланысты емес, бұл ретте Шарттың Тараптары Өзбекстан Республикасында шығарылған тауарларға қатысты Шарттың 9-бабында көзделген шараларды қолдану құқығын сақтайды;

(г) Өзбекстан Республикасы Шарттың 11-бабының бірінші абзацы мен 12-бабының ережелерімен байланысты емес. Өзбекстан Республикасы Шарт Тараптарының тауарларына және мұндай тауарларды өндіру процестеріне ұлттық режим немесе барынша қолайлы режим негізінде осы режимдердің қайсысы Шарттың мүдделі Тараптарының тауарлар өндірушісі және/немесе экспорттаушысы үшін барынша қолайлы болып табылатындығына байланысты техникалық, санитариялық және фитосанитариялық шаралар қолданатын болады;

(д) Өзбекстан Республикасы төлем теңгерімінің тепе-теңдігі елеулі бұзылған жағдайда және Өзбекстан Республикасының сыртқы қаржыландыруының елеулі қиындықтары жағдайында Шарттың 14-бабы 1-тармағының ережелерімен байланысты емес;

(е) Шарттың ережелерін іске асыру кезінде Шарттың Тараптары мен Өзбекстан Республикасы арасында туындайтын даулы мәселелер Шарттың тиісті Тарапы мен Өзбекстан Республикасының екіжақты келіссөздері негізінде шешілетін болады;

(ж) Шарттың Тараптары Өзбекстан Республикасына қатысты 2-баптың 8-тармағының, 5-баптың, 10-баптың, 11-баптың бірінші абзацының, 12-баптың, 14-баптың 1-тармағының және 17-баптың ережелерімен байланысты емес.

3. Шарттың 4-бабының ережелеріне қарамастан, Шарттың Тараптары мен Өзбекстан Республикасы арасындағы саудада 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидалары қолданылады. Шарт Тарапы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы өзара уағдаластық бойынша тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидалары жөніндегі өзге де көпжақты немесе екіжақты шарттар қолданылуы мүмкін.

## 3-бап

Осы Хаттамаға қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 4-бап

1. Шарттың Тараптары мен Өзбекстан Республикасы осы Хаттама бойынша өзінің міндеттемелерін орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Өзбекстан Республикасының ДСҰ-ға қосылған күнге дейін немесе 2020 жылғы

31 желтоқсанға дейін осы күндердің қайсысы ерте басталатындығына байланысты, осы Хаттаманы қолдануға және түсіндіруге қатысты Шарт Тарапы мен Өзбекстан Республикасы арасында туындаған даулар дау тараптары арасындағы консультациялар арқылы шешіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген күннен кейін осы Хаттаманы қолдануға және түсіндіруге қатысты Шарт Тарапы мен Өзбекстан Республикасы арасында туындайтын даулар Шарттың 19-бабында көзделген тәртіппен шешіледі.

**5-бап**

Осы Хаттаманың барлық Тараптарының өзара жазбаша келісімі бойынша оған осы Хаттаманың 7-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін тиісті хаттамалармен ресімделетін оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**6-бап**

Осы Хаттамаға ескертулер жасауға жол берілмейді.

**7-бап**

1. Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Өзбекстан Республикасы мен кемінде Шарттың екі Тарапының орындағаны туралы хабарламаларды депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2. Өзбекстан Республикасы мен Шарттың кез келген басқа Тарапына қатысты осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді осындай Тараптың орындағаны туралы тиісті хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

**8-бап**

Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін Шарттың Тараптары болып табылатын кез келген мемлекеттің қосылу туралы құжатты депозитарийге беру жолымен қосылуы үшін ашық.

Қосылатын мемлекет үшін осы Хаттама қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

2013 жылы орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана ТМД-ның Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайды.

*Армения Республикасы үшін* | *Ресей Федерациясы үшін*

*Беларусь Республикасы үшін* | *Тәжікстан Республикасы үшін*

*Қазақстан Республикасы үшін* *Өзбекстан Республикасы үшін*
*Қырғыз Республикасы үшін* *Украина үшін*
*Молдова Республикасы үшін*

2011 жылғы 18 қазандағы
Еркін сауда аймағы туралы
шартты оның Тараптары
мен Өзбекстан Республикасы
арасында қолдану туралы
хаттамаға
1-қосымша

## I. Хаттаманың 2-бабының 1-тармағына сәйкес тауарлар импортына қатысты қолданылатын кедендік баждар

1. Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Украина Өзбекстан Республикасының кедендік аумағында шығарылатын тауарлар импортына қатысты кедендік баждарды қолданбайды.

Армения Республикасы Өзбекстан Республикасының кедендік аумағында шығарылатын шылым (СЭҚ ТН 2402 20 900 коды) импортына қатысты 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап алып тасталатын кедендік баждарды 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың 1-қосымшасында келтірілген мөлшерлемелер бойынша қолданады.

2. Өзбекстан Республикасы Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Молдова Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Украинаның кедендік аумақтарынан шығарылатын тауарлар импортына қатысты кедендік баждарды қолданбайды.

## II. Хаттаманың 2-бабының 2-тармағына сәйкес тауарлар экспортына қатысты қолданылатын кедендік баждар

1. Армения Республикасы мен Молдова Республикасы Өзбекстан Республикасының кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты кедендік баждарды қолданбайды.

Қырғыз Республикасы Өзбекстан Республикасының кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты кедендік баждарды өзара негізде қолдану құқығы өзіне қалдырады.

Тәжікстан Республикасы егер Өзбекстан Республикасы Тәжікстан Республикасымен өзара саудада экспорттық кеден баждарын қолданған жағдайда Өзбекстан

Республикасына қатысты экспорттық кеден баждарын өзара қатынастары негізде қолдану құқығын өзіне қалдырады.

Беларусь Республикасы Өзбекстан Республикасының кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты кедендік баждарды мынадай номенклатура мен мөлшерлемелер бойынша қолданады:

| СЭҚ ТН коды<br>Позициялардың атауы | Кедендік баж мөлшерлемесі |
|---|---|
| 1205<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған рапстың немесе кользаның тұқымы | 1 000 кг үшін 100 евро |
| 2709 00, 2710 11 - 2710 19 490 0, 2710 19 510 - 2710 99 000 0, 2711 12 - 2711 19 000 0, 2712, 2713, 2902 20 000 0 - 2902 43 000 0<br>Шикі мұнай мен мұнай өнімдері | Ресей Федерациясында қолданылатынмен бірдей арнайы формула. Кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерлерге Беларусь Республикасының аумағынан әкету кезінде қолданылады |
| 3104<br>Калий тыңайтқыштары | 1 000 кг үшін 75 евро |
| 4101, 4103<br>Өңделмеген тері | 1 000 кг үшін 500 евро |
| 4104, 4106<br>Иленген былғары немесе былғарылық краст | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 90 евродан кем емес |
| 4401 10 000 9<br>Отын ағашы | 1 куб. м үшін 100 евро |
| 4403 10 000 1, 4403 10 000 2, 4403 91 100 0, 4403 91 900 0, 4403 92 100 0, 4403 92 900 0<br>Өңделмеген орман материалдары | 1 куб. м үшін 100 евро |
| 4404 20 000 0<br>Жапырақ тұқымдас ағаш | 1 куб. м үшін 100 евро |
| 4407 91 150 0, 4407 91 310 0, 4407 91 390 0, 4407 91 900 0, 4407 92 000 0, 4407 93 100 0, 4407 93 500 0, 4407 93 900 0<br>Өңделген орман материалдары | 1 куб. м үшін 100 евро |

Қазақстан Республикасы Өзбекстан Республикасының кеден аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты кедендік баждарды мынадай номенклатура мен мөлшерлемелер бойынша қолданады:

| СЭҚ ТН коды<br>Позициялардың атауы | Кедендік баж мөлшерлемесі |
|---|---|
| 1201 00<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған соя бұршақтары | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 35 евродан кем емес |
| 1205<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған рапстың немесе кользаның тұқымдары | 15 %, бірақ 1 000 кг үшін 30 евродан кем емес |
| 1206 00<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған күнбағыстың тұқымдары | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 30 евродан кем емес |
| 2709 00 900 2, 2709 00 900 8<br>Шикі мұнай | Арнайы формула |
| 2710 11 110 0 - 2710 11 900 9<br>Жеңіл дистилляттар және өнімдер | Баж мөлшерлемесінің өлшемі келесі формула бойынша есептеп |
| | |

| | |
|---|---|
| 2710 19 110 0 - 2710 19 290 0 Орташа дистилляттар: қайта өңдеудің ерекше процестері үшін, 2710 19 110 0 кіші қосалқы позицияда көрсетілгеннен басқа, процестердегі химиялық айналу үшін; басқа да мақсаттар үшін | шығарылады: ӘКБМ=Кх(Ц-138,6), мұндағы ӘКБМ - әкетілетін кедендік баж мөлшерлемесі; К - 50 % есептеу формула көрсеткішінде қолданылатын және төменде көрсетілген кестеге сәйкес түзету коэффициентіне көбейтілген орташа арифметикалық 0,35 және 0,4 коэффициенттерінің мағынасы; Ц - мониторинг кезеңінде қалыптасқан ішкі мұнайдың орташа нарықтық бағасы |
| 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0 Ауыр дистиляттар: газойлдар | |
| 2710 19 510 1, 2710 19 510 9, ауыр дистиллятты сұйық отыннан басқа, 2710 19 550 1, 2710 19 550 9 Ауыр дистиляттар: сұйық отындар | |
| 2710 19 550 9 Ауыр дистиляттар: сұйық отындар | |
| 2710 19 610 1 - 2710 19 690 9 Ауыр дистилляттар: сұйық отындар | |
| 2713 20 000 0 - 2713 90 900 0 Мұнай битумы | |
| 2710 19 310 0 - 2710 19 350 0 Ауыр дистилляттар: газойлдар | Мұнайдан өңделген тауарларға әкетілетін кедендік баждың бекітілген мөлшерлемесі мұнай шикізатының әлемдік нарықтағы ай сайынғы баға мониторингін есепке ала отырып, орташа нарықтық баға деректері негізінде түзетіледі |
| 2711 21 000 0 Табиғи газ | 30 % |
| 2711 29 000 0 Басқа газдар | 5 % |
| 2705 00 000 0 Тас көмірлі, сулы, генераторлық газ және ұқсас газдар | 5 % |
| 4101 Ірі қара малдың (қодастарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдас (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлмен жидітілген, басқа тәсілмен өңделген немесе консервіленген, бірақ пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңделмейтін) жануарлардың түгі бар немесе түксіз, қосарланған немесе қосарланбаған өңделмеген терілері | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 200 евродан кем емес |
| 4102 Осы топтың 1 в ескертпесінде алып тасталғандардан басқа, қойлардың немесе қозылардың (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлмен жидітілген, басқа тәсілмен өңделген немесе консервіленген, бірақ пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңделмейтін) жүні бар немесе жүнсіз, қосарланған немесе қосарланбаған өңделмеген терілері | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 200 евродан кем емес |
| 4103 Осы топқа 16 немесе 1 в ескертумен алып тасталғандардан басқа, өзге де өңделмеген ( буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлмен жидітілген, басқа тәсілмен пикелденген | |

| | |
|---|---|
| немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңделмейтін) түгі бар немесе түксіз, қосарланған немесе қосарланбаған өңделмеген терілер | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 200 евродан кем емес |
| 5 1 0 1<br>Кардпен немесе тарақпен тарауға ұшырамаған жүн | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 50 евродан кем емес |
| 5 1 0 2<br>Кардпен немесе тарақпен тарауға ұшырамаған биязы немесе қылшықты жануарлардың қылы | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 50 евродан кем емес |
| 5 1 0 3<br>Иіру қалдықтарын қоса алғанда бірақ ыдыратылған шикізатты қоспағанда, жүннің немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылының қалдықтары | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 50 евродан кем емес |
| 5 1 0 4 0 0 0 0 0 0<br>Жүннен немесе жұқа немесе қатты жануарлар жүнінің жұлынған шикізаттары | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 50 евродан кем емес |
| 7 2 0 4<br>Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қара металдардың қайта балқытуға арналған құймалары шихталық құймалар | 15 %, бірақ 1 000 кг үшін 20 евродан кем емес |
| 7 3 0 2<br>Темір жол немесе трамвай жолдары үшін пайдаланылатын қара металдан жасалған бұйымдар: рельстер, қарсы рельстер және тісті рельстер, ауыспалы рельстер, тұйық қиылыс айқаспалары, ауыспалы штангалар және өзге де көлденең қосылыстар , шпалдар, түйіспе жапсырмалары мен төсемдері, сыналар, тірек тақталары, ілгекті рельс бұрандалары, төсемдер мен созғыштар, тұғырлар, көлденең жақтаулар мен рельстерді қосуға немесе бекітуге арналған өзге де бөлшектер | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 20 евродан кем емес |
| 7 4 0 4 0 0<br>Мыс қалдықтары мен сынықтары | 30 %, бірақ 1 000 кг үшін 330 евродан кем емес |
| 7 6 0 1<br>7601 10 000 0 алынған СЭҚ ТН кодымен сыныпталатын алюмо-берилий қоспасынан өзге , өңделмеген алюминий | 15 %, бірақ 1 000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 2 0 0<br>Алюминий қалдықтары мен сынықтары | 15 %, бірақ 1 000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 3<br>Алюминий ұнтақтары мен қабыршықтары | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 4 1 0 1 0 0 0<br>Қоспаланбаған алюминийдан жасалған алюминий шыбықтары | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 4 2 9 1 0 0 0<br>Алюминий құймаларынан жасалған басқа да шыбықтар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 5<br>Алюминий сымы | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 6<br>Ені 0,2 мм-ден астам алюминийден жасалған плиталар, табақтар, жолақтар немесе таспалар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 7<br>Ені (негізін есепке алмағанда) 0,2 мм алюминий жұқалтары (қағаздан, картоннан, пластмассадан немесе ұқсас материалдардан жасалған негізсіз немесе негізімен) | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 8<br>Алюминийден жасалған түтіктер мен түтікшелер | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 0 9 0 0 0 0 0 0<br>Алюминий түтіктерге немесе түтікшелерге арналған фитингтер (мысалы, жалғастырғыштар, иіндер, ернемектер) | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |

| | |
|---|---|
| 7 6 1 0 Алюминий металл құрылымдары (9406 тауар позициясындағы құрастырылатын құрылыс металл құрылымдарынан басқа) және олардың бөліктері (мысалы, көпірлер және олардың бөліктері, мұнаралар, керегеторлы діңгектер, шатырларға арналған аражабындар, құрылыс фермалар, есіктер, терезелер және олардың рамалары, есіктерге арналған табалдырықтар, балюстрадалар, тіректер және колонналар); металл құрылымдарда пайдалануға арналған алюмииийден жасалған беттер, шыбықтар, профильдер, түтіктер және ұқсас бұйымдар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 1 1 0 0 0 0 0 0 Кез-келген заттарға арналған (сығылған немесе сұйытылған газдан басқа), сыйымдылығы 300 л астам, қаптамасымен немесе жылу оқшаулағышпен немесе оларсыз , бірақ механикалық немесе жылу техникалық жабдықтарсыз резервуарлар, цистерналар, бактар және алюмииийден жасалған ұқсас сыйымдылықтар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 1 2 Кез-келген заттарға арналған (сығылған немесе сұйытылған газдан басқа), сыйымдылығы 300 л астам, қаптамасымен немесе жылу оқшаулағышпен немесе оларсыз , бірақ механикалық немесе жылу техникалық жабдықтарсыз күбілер, атанақтар, банкілер, жәшіктер және алюминийден жасалған ұқсас сыйымдылықтар (қатты немесе майыспалы түтік түріндегі сыйымдылықтарды қоса алғанда) | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 1 3 0 0 0 0 0 0 Сығылған немесе сұйытылған газдарға арналған алюминий сыйымдылықтар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 1 4 Электрлік оқшаулаусыз алюминийден жасалған иірілген сым, тростар, өрме баулар және ұқсас бұйымдар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 1 5 Алюминийден жасалған асхана, ас үй бұйымдары немесе тұрмыстық қажеттілікке арналған өзге де бұйымдар және олардың бөліктері; алюминийден жасалған, ас үй ыдыстарын жууға арналған жеке, тазалауға немесе жалтыратуға арналған жекешіктер, қолғаптар және ұқсас бұйымдар; алюминийден жасалған санитариялық-техникалық жабдық және оның бөліктері. | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 7 6 1 6 Алюминийден жасалған өзге де бұйымдар | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |
| 8 6 0 7 Темір жол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамның бөліктері | 15 %, бірақ 1000 кг үшін 100 евродан кем емес |

# Түзетілетін коэффициенттері бар кесте

| СЭҚ ТН бойынша тауар жіктемесі | Түзетілетін коэффициент | К |
|---|---|---|
| 2710 11 110 0 - 2710 11 900 9 | 1,2 | 0,5 х (0,35 + 0,4) / 2 х 1,2 = 0,225 |
| 2710 19 110 0 - 2710 19 290 0 | | |
| 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0 | | |
| 2710 19 510 1 - 2710 19 550 9 | | |
| 2710 19 610 1 - 2710 19 690 9 | 0,8 | 0,5 х (0,35 + 0,4) / 2 х 0,8 = 0,15 |
| 2710 19 310 0 - 2710 19 350 0 | 0,8 | 0,5 х (0,35 + 0,4) / 2 х 0,8 = 0,15 |
| 2713 20 000 0 - 2713 90 900 0 | 0,8 | 0,5 х (0,35 + 0,4) / 2 х 0,8 = 0,15 |
| Қазақстан Республикасы тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес экспортқа арналған ренталық салықты қолданады | | |

Ресей Федерациясы Өзбекстан Республикасының кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты мынадай номенклатура мен мөлшерлемелер бойынша кедендік баждарды қолданады:

| СЭҚ ТН бойынша тауар жіктемесі | Кедендік баж мөлшерлемесі |
|---|---|
| 0302 35 900 0<br>Көк немесе кәдімгі тунец | 5 % |
| 0 1 0 1<br>Мұздатылған балық, 0304 тауар позициясының балық сүбесі мен балық етін қоспағанда | 5 % |
| 0306<br>Сауыттағы немесе сауытсыз шаян тектестер, тірі, жаңадан ауланған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы | 10 % |
| 1201 00<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған соя бұршақ қаптары | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 35 еуродан кем емес |
| 1205<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған рапстың немесе кользаның тұқымы | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 35 еуродан кем емес |
| 1206 00<br>Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған күнбағыстың тұқымдары | 20 %, бірақ 1 000 кг үшін 30 еуродан кем емес |
| 1207 50<br>Қышанның тұқымы | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 25 еуродан кем емес |
| 1605<br>Дайын немесе консервіленген шаян тәрізділер, молюскілер және өзге де су омыртқасыздары | 5 % |
| 2207, 2208<br>Этиль спирті | 6,5 % |
| 2503 00<br>Сублимирленген, тұндырылған немесе колоидталған өзге барлық түрдегі күкірт | 6,5 % |
| 2510<br>Табиғи кальций фосфаты, табиғи алюминий-кальций фосфаты және фосфатты бор | 6,5 % |
| 2519<br>Табиғи магний карбонат (магнезит); балқытылған магнезия; кесектендірудің алдында қосылатын, құрамында басқа оксидтің шағын мөлшері бар қайта күйдірілген магнезия ( кесектендірілген); қоспаларымен немесе қоспаларсыз өзге де магний оксиді | 6,5 % |
| 2523<br>Боялмаған немесе боялған, дайын немесе күйдірілген цемент тасы нысанында портландцемент, глиноземдік цемент, қож цемент, суперсульфатты цемент және ұқсас гидравликалық цементтер | 6,5 % |
| 2524<br>Асбест | 3 % |
| 2601<br>Күйдірілген пиритті қоса алғанда, кендер мен концентраттар | 6,5 % |
| 2613<br>Молибден кендері мен концентраттар | 6,5 % |
| 2615<br>Цирконий кендері мен концентраттар | 6,5 % |

| | |
|---|---|
| 2 6 2 0 1 9<br>Қара металдар өндірісінің өзге де қалдықтары | 6,5 % |
| 2 7 0 4 0 0<br>Тас көмірдің, лигниттің немесе жер тезектің коксы немесе жартылай коксы, ретортты көмір | 6,5 % |
| 2 7 0 5 0 0 0 0 0 0<br>Мұнай газдары мен басқа да газ тәрізді көмірсутектерден өзге, тас көмір газы, су, генераторлы және ұқсас газдар | 5 % |
| 2 7 0 6 0 0 0 0 0 0<br>Таскөмірлі, қоңыркөмірлі, шым тезекті шайырлар және «қалпына келтірілген» шайырларды қоса алғанда, сусызданған немесе сусызданбаған, ішінара ректификацияланған немесе ректификацияланбаған өзге де минералдық шайырлар | 5 % |
| 2 7 0 7<br>Майлар және таскөмірді шайырдың жоғары температурада айдалатын басқа өнімдері; хош иісті құрамдас бөліктерінің массасы хош иіссіз массасынан артатын ұқсас өнімдер | 5 % |
| 2 7 0 7 1 0<br>Бензол | Ерекше формула |
| 2 7 0 7 2 0<br>Толуол | Ерекше формула |
| 2 7 0 7 0 3<br>Ксилол | Ерекше формула |
| 2 7 0 8<br>Таскөмір шайырдан немесе өзге де минералды шайырлардан алынған пек және пекті кокс | 5 % |
| 2 7 0 9 0 0<br>Битуминозды жыныстардан алынған шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдері | Әлемдік нарықтағы мұнайдың бағасына қарай арнайы формула бойынша |
| 2 7 1 0 1 1<br>Жеңіл дистиляттар және өнімдер | Ерекше формула |
| 2 7 1 0 1 9<br>Орташа дистиляттар | Ерекше формула |
| 2 7 1 0 9 1 , 2 7 1 0 9 9<br>Пайдаланылған мұнай өнімдері | Ерекше формула |
| 2 7 1 1 1 1<br>Табиғи сұйытылған газ | 1 000 кг үшін 40 евро |
| 2 7 1 1 1 2<br>Пропан | Ерекше формула |
| 2 7 1 1 1 3<br>Бутан | Ерекше формула |
| 2 7 1 1 1 4 0 0 0 0<br>Этилен, пропилен, бутилен және бутадиен | Ерекше формула |
| 2 7 1 1 1 9 0 0 0 0<br>Басқалары | Ерекше формула |
| 2 7 1 1 2 1 0 0 0 0<br>Газ тәрізді күйдегі табиғи газ | 30 % (Украина үшін арнайы формула бойынша қолданылады) |
| 2 7 1 1 2 9 0 0 0 0<br>Басқа газ тәрізді күйдегі газдар | 5 % |

| | |
|---|---|
| 2 7 1 2 1 0<br>Мұнай вазелині | Ерекше формула |
| 2 7 1 2 2 0<br>0,75 мас.% кем емес майы бар парафин | Ерекше формула |
| 2 7 1 2 9 0 3 1 0 0<br>Қайта өңдеудің ерекше процестері үшін | Ерекше формула |
| 2 7 1 2 9 0 3 3 0 0<br>2712 90 310 0 кіші позицияларда көрсетілгендерден басқа процестердегі химиялық түрлендірулер үшін | Ерекше формула |
| 2 7 1 2 9 0 3 9 0 0<br>Басқа да мақсаттар үшін | Ерекше формула |
| Басқалары: | |
| 2 7 1 2 9 0 9 1 0 0<br>Құрамында 80 мас. % 1-алкендер қоспасы, немесе көмірсутекті тізбесінің ұзындығы 24 көміртегі атомынан немесе одан асатын, бірақ көміртегінің 28 атомынан аспайтын 1-алкендер қоспасы | Ерекше формула |
| 2 7 1 2 9 0 9 9 0 0<br>Басқалары | Ерекше формула |
| 2 7 1 3 1 1 0 0 0 0<br>Кальцинирленбеген мұнай коксы | Ерекше формула |
| 2 7 1 3 2 0 0 0 0 0<br>Мұнай битумы | Ерекше формула |
| 2 7 1 3 9 0<br>Битуминозді жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдерін қайта өңдеудің өзге де қалдықтары | Ерекше формула |
| 2 7 1 4 9 0 0 0 0 0<br>Битум және табиғи асфальт, асфальтиттер мен асфальтты жыныстар | 5 % |
| 2 7 1 5 0 0 0 0 0 0<br>Табиғи асфальттың, табиғи битумның, мұнай битумының, минералды шайыр немесе минералды шайыр пекінің негізіндегі битумды қоспалар (мысалы, битум мастикалары, жол жабындарына арналған асфальтты қоспалар) | 5 % |
| 2 8 2 5<br>Гидразин және гидроксиламин және олардың органикалық емес тұздары; басқа органикалық емес негіздер; тотықтар, гидрооксидтер және басқа металл пероксидтері: | 6,5 % |
| 2 9 0 2 2 0<br>Бензол | Ерекше формула |
| 2 9 0 2 3 0<br>Толуол | Ерекше формула |
| 2 9 0 2 4 1 0 0 0 0<br>*о*-ксилол | Ерекше формула |
| 2 9 0 2 4 2 0 0 0 0<br>*m*-ксилол | Ерекше формула |
| 2 9 0 2 4 3 0 0 0 0<br>n-ксилол | Ерекше формула |
| 2 9 0 5 1 3 0 0 0 0<br>Бутан-1-ол (спирт н-бутилді) | 6,5 % |
| 3 1 0 4 , 3 1 0 5<br>Минералды немесе химиялық тыңайтқыштар | 5 % |

| | |
|---|---|
| 3901, 3902 Бастапқы формадағы этилен, пропилен немесе өзге де олефиндер полимерлері | 6,5 % |
| 4101, 4102, 4103 Өңделмеген терілер | 1 000 кг үшін 500 евро |
| 4104, 4105, 4107 Ірі қара малдың, қойдың терісінің немесе қозы терісінің иленген былғары немесе былғары красты; иленгеннен кейін немесе былғары красты түрінде қосымша өңделген былғары | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 90 евродан кем емес |
| 4401 Бөрене, шөрке, бұтақшалар, байламды шөпшек түріндегі немесе осыған ұқсас түрдегі ағаш; ағаш жоңқасы немесе сүрегі; сүрек үгіндісі және ағаш қалдықтары мен скрап, агломерирленбеген немесе бөрене брикеттер, түйіршіктер немесе осыған ұқсас түрінде агломерирленген | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 4403 Өңделмеген, қабығы аршылған немесе аршылмаған немесе шелқабығымен немесе тұрпайы бөренеленген немесе бөренеленбеген ағаш материалдары | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 4406 Темір жолдар мен трамвай жолдарына арналған шпалдар | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 4407 Араланған немесе ен бойынан жарылған, жаңқаланған немесе жаңқаланбаған, қабаттарға бөлінген немесе сыдырылған, тегістелген немесе тегістелмеген, сыртқы қалыңдығы 6 мм асатын шет жақ қосылыстары бар немесе жоқ ағаш материалдары | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 4408 90 Қаптамаға арналған (қабатты ағашты бөлу арқылы алынғанды қоса алғанда), желімделген фанера немесе осыған ұқсас қабатты ағашқа арналған табақтар және ен бойынан кесілген, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, ағаштардың өзге түрлерінен (қылқанды және тропикалық тұқымдардан басқа түрлерден) жасалған қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын кертікке қосылыстары бар немесе жоқ өзге ағаш материалдары | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 4409, 4410, 4412, 4413, 4418, 4421 Профилирленген погонаж түріндегі аралау материалдары, сүрек-жаңқалы және сүрек-талшықты, желімделген фанера, блоктар, плиталар, бөрене немесе профилирленген түрдегі тығыздалған ағаш, ағаш ұстасының және шеберінің ағаш, құрылыс бұйымдары, басқа ағаш бұйымдары | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 4701 Ағаш массасы | 10 % |
| 4703 Еритін сұрыптардан өзге, натронды немесе сульфатты ағаш целлюлоза | 10 % |
| 4703 21 Қылқан жапырақты тұқымдардан жартылай ағартылған немесе ағартылған | 10 %, бірақ 1 000 кг үшін 40 евродан кем емес |
| 4704 Еритін тұздардан өзге, сульфитті, ағаш целлюлоза | 10 % |
| 4704 21 Қылқан жапырақты тұқымдардан жартылай ағартылған немесе ағартылған | 5 %, бірақ 1 000 кг үшін 15 евродан кем емес |
| 4706, 4707 Регенерацияланған қағаздан немесе картоннан (макулатурадан және қалдықтардан) немесе басқа да талшықты целлюлоза материалдарынан алынған талшықты масса; регенерацияланған қағаз немесе картон (макулатура және қалдықтар) | 10 % |

| | |
|---|---|
| 4801 Рулондардағы немесе парақтардағы газет қағазы | 5 % |
| 4802, 4804, 4805, 4808, 4811, 4814, 4817, 4818, 4819, 4820,4823 Қағаз және картон, қағаз массадан жасалған бұйым, қағаз немесе картон | 10 % |
| 7102, 7103, 7104, 7105, 7107, 7109, 7110, 7111, 7112 Асыл немесе жартылай асыл тастар, асыл металдар, асыл металдармен жалатылған металдар және олардан жасалған бұйымдар | 6,5 % |
| 7204, 7302 10 900 0 Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қайта балқытуға арналған қара металдардың құймалары (шихта құймалары); пайдаланылған рельстер | 15 %, бірақ 1 000 кг үшін 15 еуродан кем емес |
| 7401, 7402, 7403 Мысты штейн; цементтелген мыс (тұндырылған мыс), тазартылмаған мыс; электрлік тазартуға арналған мыс анодтары, тазартылған мыс және өңделмеген мыс қорытпалары | 10 % |
| 7404 Мыс қалдықтары мен сынықтары | 50 %, бірақ 1 000 кг үшін 420 еуродан кем емес |
| 7405 Мыс негізінде жасалған лигатуралар | 10 % |
| 7501, 7502 Никельді штейн, никельдің оксид агломераттары және никель металлургиясының басқа да аралық өнімдері; өңделмеген никель | Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес |
| 7503 Никельдің қалдықтары мен сынықтары | 30 %, бірақ 1 000 кг үшін 750 еуродан кем емес |
| 7601 Өңделмеген алюминий | 5 % |
| 7602 Алюминийдің қалдықтары мен сынықтары | 50 %, бірақ 1 000 кг үшін 380 еуродан кем емес |
| 7802 Қорғасынның қалдықтары мен сынықтары | 30 %, бірақ 1 000 кг. үшін 105 еуродан кем емес |
| 7901 Өңделмеген мырыш | 5 % |
| 7902 Мырыштың қалдықтары мен сынықтары | 30 %, бірақ 1 000 кг і үшін 180 еуродан кем емес |
| 8001, 8002 Өңделмеген қалайы; қалайының қалдықтары мен сынықтары | 6,5 % |
| 8101 94, 8101 97, 8102 94, 8102 97, 8103 20, 8103 30 Өңделмеген вольфрам, вольфрамның қалдықтары мен сынықтары; өңделмеген молибден, молибденнің қалдықтары мен сынықтары; өңделмеген тантал, танталдың қалдықтары мен сынықтары | 6,5 % |
| 8105 30 Кобальттың қалдықтары мен сынықтары | 30 %, бірақ 1 000 кг \| үшін 1 200 еуродан 1 кем емес |
| 8106, 8107 Висмут және қалдықтар мен сынықтарды қоса алғанда одан жасалған бұйымдар; кадмий және қалдықтар мен сынықтарды қоса алғанда одан жасалған бұйымдар | 6,5 % |
| 8108 20 Өңделмеген титан, ұнтақтар | 6,5 % 1 |

| | |
|---|---|
| 8108 30 Титанның қалдықтары мен сынықтары | 30 %, бірақ 1 000 кг үшін 225 евродан кем емес |
| 8109 30, 8110 20, 8111 00, 8112 13, 8112 21, 8112 22, 8112 29, 8112 92 200 1, 8112 92 200 9, 8112 52 Цирконийдің қалдықтары мен сынықтары; сүрмелер, марганец және қалдықтары мен сынықтарын қоса алғанда, одан жасалатын бұйымдар; бериллийдің қалдықтары мен сынықтары; хром; германийдің қалдықтары мен сынықтары; ванадийдің қалдықтары мен сынықтары; таллийдің қалдықтары мен сынықтары; ниобия (колумбийдің), ренийдің, галлийдің, индийдің қалдықтары мен сынықтары | 6,5 % |
| 8607 19 Темір жол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамының бөліктері: осьтері, дөңгелектер және олардың бөлшектері | 15 %, бірақ 1 000 кг үшін 15 евродан кем емес |

Украина Өзбекстан Республикасының кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты кедендік баждарды мынадай номенклатура мен мөлшерлемелер бойынша қолданады:

| СЭҚ ТН коды Позициялардың атауы | Кедендік баж мөлшерлемесі |
|---|---|
| 1206 00 99 00 Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған күнбағыстың тұқымдары | 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап баж мөлшерлемесі (16 %) жыл сайын 10 % көрсеткішіне дейін 1 пайыздық тармаққа азаяды |
| 7202 99 80 00 Феррохромникель және басқа ферроқорытпалар | |
| 7204 21 Қоспалы болаттың, тот баспайтын болаттың қалдықтары мен сынықтары | |
| 7204 29 00 00 Қоспалы болаттың қалдықтары мен сынықтары және басқалар | |
| 7204 50 00 00 Қоспалы болаттан қайта балқыту үшін құйма қалдықтары (шихталық құймалар) | |
| 7218 10 00 00 Құймалар мен басқа бастапқы нысандардағы тот баспайтын болат | |
| 7401 00 00 00 Мыс штейн; цементтелген мыс (тұндырылған) | |
| 7402 00 00 00 Тазартылмаған мыс; электрлік тазартуға арналған мыс анодтары | |
| 7403 12 00 00 Тазартылған мыстан жасалған сым (ваербарстар) өндіруге арналған құйма дайындамалар | |
| 7403 13 00 00 Тазартылған мыстан жасалған билеттер | |
| 7403 19 00 00 Басқа тазартылған мыс | |
| 7403 21 00 00 Мыс пен мырыш (латундер) негізіндегі қорытпалар | |
| 7403 22 00 00 Мыс пен қалайы (қола) негізіндегі қорытпалар | |
| | |

| | |
|---|---|
| 7 4 0 3 2 9 0 0 0 0<br>Мыстан жасалған (7405 тауарлық позицияның лигатураларын қоспағанда) басқа да қорытпалар | Украинаның ДСҰ-ға мүше болу жылына сәйкес кедендік құн пайызындағы әкету ( экспорттық) бажының мөлшерлемесі: бірінші — 30 %, екінші — 27 %, үшінші — 24 %, төртінші - 24 %, бесінші -21 %, алтыншы- 18 %, жетінші — 15 % (2010 және 2011 жылдар - 24 %) |
| 7 4 0 4 0 0<br>Мыстың қалдықтары мен сынықтары | |
| 7 4 0 5 0 0 0 0 0 0<br>Мыс негізіндегі лигатурлар | |
| 7 4 0 6<br>Мыс ұнтақтары мен қабыршақтары | |
| 7 4 1 5 2 9 0 0 0 0<br>Тығырықтардан басқа, бұрандасыз мыстан жасалған басқа да бұйымдар (серіппелі тығырықтарды қоса алғанда) | |
| 7 4 1 5 3 9 0 0 0 0<br>Бұрандалы мыстан жасалған басқа да бұйымдар (ағашқа арналған бұрандалы шегені , басқа да бұрандаларды, болттар мен гайкалар қоспағанда) | |
| 7 4 1 8 1 9 9 0 0 0<br>Мыстан жасалған шаруашылық бұйымдар мен олардың өзге де бөліктері | |
| 7 4 1 9<br>Басқа мыс бұйымдары | |
| 7 4 1 9 9 9 1 0 0 0<br>Мата (шексіз таспаларды қоса алғанда), көлденең қимасының мөлшері 6 мм аспайтын мыс сымды тор және сетка; кесіліп тартылған мыс табақ Мыс сымнан жасалған тор және сетка | |
| 7 5 0 3 0 0<br>Никель қалдықтары мен сынықтары | |
| 7 6 0 2 0 0<br>Алюминий қалдықтары мен сынықтары | |
| 7 8 0 2 0 0 0 0 0 0<br>Қорғасын қалдықтары мен сынықтары | |
| 7 9 0 2 0 0 0 0 0 0<br>Мырыш қалдықтары мен сынықтары | |
| 8 0 0 2 0 0 0 0 0 0<br>Қалайы қалдықтары мен сынықтары | |
| 8 1 0 1 9 7 0 0 0 0<br>Вольфрам қалдықтары мен сынықтары | |
| 8 1 0 5 3 0 0 0 0 0<br>Кобальтты штейн мен кобальт металлургиясының басқа да аралық өнімдері; кобальт және қалдықтар мен сынықтарды қоса алғанда, кобальттан жасалған бұйымдар: кобальтты штейн мен кобальт металлургиясының басқа да аралық өнімдері; өңделмеген кобальт; қалдықтар мен сынықтар; ұнтақтар: қалдықтар мен сынықтар | |
| 8 1 0 8 3 0 0 0 0 0<br>Титанның қалдықтары мен сынықтары | |
| 8 1 1 3 0 0 4 0 0 0<br>Металл керамика және қалдықтар мен сынықтарын қоса алғанда, металл керамикадан жасалған бұйымдар | |

2. Өзбекстан Республикасы Армения Республикасы мен Молдова Республикасының кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына қатысты кедендік баждарды

қолданбайды.

Өзбекстан Республикасы Беларусь Республикасына, Қазақстан Республикасына, Қырғыз Республикасына, Ресей Федерациясына, Тәжікстан Республикасына, Украинаға тауарлардың шектеулі тізіміне экспорттау кезінде өзара негізде кедендік баждарды қолдану құқығын өзіне қалдырады.

2011 жылғы 18 қазандағы
Еркін сауда аймағы туралы
шартты оның Тараптары
мен Өзбекстан Республикасының
қолдану туралы
хаттамаға
2-қосымша

## Шарттың 3-бабына сәйкес күші жойылуға жататын тыйым салулар мен сандық шектеулер (квоталау)

| Қырғыз Республикасы Импортқа/экспортқа квоталау және тыйым салу | | |
|---|---|---|
| Алкоголь өнімі: арақ және ерекше арақ, ликер-арақ бұйымдары, шарап материалдары, шарап, көпіршікті шарап, шампан, шарап сусындары, коньяк, бренди, кальвадос, сыра, өзге де күшті алкоголь ішімдіктері, өзге де әлсіз алкогольды ішімдіктері (коды СЭҚ ТН 2203 - 2208) | Алкоголь өнімі импортын квоталау, коньяк пен шампан өндірісіне арналған коньяк спирті мен шарап материалдарының импортын қоспағанда, сыраны қоса алғанда, алкоголь өнімі. «Алкогольді және құрамында спирті бар өнімінің этил спиртінің өндірісі мен айналысын мемлекеттік реттеу туралы» 2007 жылғы 9 шілдедегі № 98 Қырғыз Республикасының Заңы. ДСҰ-ға мүше болып табылмайтын мемлекеттерден шығарылатын алкоголь өнімінің импортына қолданылады. | Квотаның көлемі мен квоталау тәртібі «Қырғыз Республикасына әкелінетін алкоголь өнімін және импорттық квотаны айқындау тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 сәуірдегі № 227 қаулысымен белгіленген. Күшін жою мерзімі - 2015 жылғы 1 қаңтар |

## Өзбекстан Республикасы

| | Қысқаша атауы | СЭҚ ТН коды | Күші жойылған күні |
|---|---|---|---|
| 1. | Тірі жануарлар (мал, құс) | 0101 - 0105, 0106 19 100 00, 0106 39 100 00 | |
| 2. | Ет және азықтық ет қосалқы өнімдері | 0201 - 0210 | |
| 3. | Дәнді дақылдар: бидай, қарабидай, арпа, сұлы, күріш, жүгері, қарақұмық | 10 | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Ұн, жарма | 1101 00 - 1106 | Өзбекстан Республикасының ДСҰ-ға қосылғанға немесе 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін осы екі күннің қайсысының ерте басталатындығына байланысты |
| 5. | Өсімдіктің майлары | 1507, 1512 (1512 11 1000, 1512 21 1000), 1516 техникалық қоспағанда) | |
| 6. | Қант | 1701 - 1702 | |
| 7. | Нан-тоқаш өнімдері (өздері пісірген ұн кондитерлік өнімдерден, тәтті нандардан, печеньеден басқа) | 1905 | |
| 8. | Тері шикізаты (стандартты емес қоспағанда), үлбір-тері, оның ішінде қаракөл шикізаты ( стандартты емес қоспағанда) | 4101 - 4103, 4301 - 4302 | |
| 9. | Таратуға жарамды жібек құрт пілләлері. Жібек шикізаты ( ширатпа емес). Жібек қалдықтары (тарқатуға жарамды емес пілләлерді, піллә жіптерінің қалдықтары мен қопсытылған қалдықтарды қоса алғанда) | 5001 00 000 0<br>5002 00 000 0<br>5003 00 000 0 | |
| 10 | Түсті металдардың сынықтары мен қалдықтары | 7404 00,<br>7602 00,<br>7802 00 000 0,<br>7902 00 000 0,<br>8002 00 000 0,<br>8101 97 000 0,<br>8102 97 000 0,<br>8103 30 000 0,<br>8104 20 000 0,<br>8105 30 000 0,<br>8106 00 100 0,<br>8107 30 000 0,<br>8108 30 000 0,<br>8109 30 000 0,<br>8110 20 000 0,<br>8111 00 190 0,<br>8112 13 000 0,<br>8112 22 000 0,<br>8112 92 210 0 | |
| 11. | Елеулі көркем, тарихи, ғылыми немесе өзге мәдени құндылықты білдіретін өнер туындылары, көне заттар ( суреттер, мүсіндер және өзге) | 97 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК